


ӨСКЕМЕНДЕГІ ӨНЕРКӘСІБ ОРЫНДАРЫ



ШҚО ОБЛЫСЫ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ

Өскемен - Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіп, мәдениет және әкімшілік орталықтардың бірі. Қала негізі 1720 жылы Ертіс пен Үлбі өзенінің құйылысында қаланған.

- Қазақстанның шығыс бөлігінде Ертіс пен Үлбі өзендерінің сағасында орналасқан, көлемі 54,4мың га жерді алып жатыр. Табиғаты континенталды. Қала халқын 320,2 мың адам құрайды. Қазіргі күні Өскеменде 76,8 мың зейнеткер (жалпы санының 23,9 % құрайды), оның 2476 - ы Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдар.



Өскемен қаласы - егемендік алған Қазақстанның көрікті қалаларының бірі. Мемлекеттік билік Қазақстан Конституциясы на сәйкес заңдық, атқару және сот билігі принциптеріне негізделген. Қаладағы заңдық билікті Мәслихат жүзеге асырады. Оның құрамында 25 депутат бар. Сот билігін Өскемен қалалық соты және арбитраж соты жүзеге асырады



Қаланың экономикалық ахуалы соғы жылдары тұрақты даму үстінде. Оған жылдан-жылға өсіп келе жатқан өнеркәсіп көрсеткіштері ықпал етіп отыр (2000ж - 12,2%, 2001ж - 116,3%, 2002ж - 102,3%, 2003ж - 105,8%, 2004ж - 105,9%). Экономиканың басты тұтқасы түсті металлургия. Бұл сала обылыс, сол секілді қала экономиясының барометрі болып табылады. Қала өнеркәсібі жалпы республика шеңберінде танымал кәсіпорындармен атақты, олар "Үлбі металлургия заводы" АҚ, "Қазмырыш" ҰҚ, "Өскемен титан-магний заводы" АҚ және т.б.



Машина жасау кешенінде "Шығысмашзавод" ААҚ, "Азия-Авто" АҚ, "Өскемен арматура заводы" АҚ, "Өскемен конденсатор заводы" АҚ басқа да кәсіпорындар жұмыс істеп, негізінен тау кен және өңдеу жабдықтарын, мұнай-газ құбыры арматурасы, автомобиль, конденсатор жасаумен айналысады. Қалада ірі тамақ өнеркәсіптері де орналасқан, атап айтсақ: "Май" ААҚ, "Эмиль" ЖШС, "Үлбі-Комплекс" ЖШС, "Әділ" ААҚ. Өндіріс орындары ет және сүт өңдеу, өсімдік және сары май, кондитер, ликер өнімдерін және т.б. ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге бағытталған.

МАҚАТ МҮНАЙ КЕН ОРНЫ





Мақат мұнай кен орны - Атырау облысы Мақат ауданында, Атырау қаласынан шығысқа қарай 100 км жерде. Кен орны 1913 жылы ашылған. Құрылымы 1931 жылы гравиметрлік түсіру және құрылымдық-карталық бұрғылау арқылы анықталған.

○ Геологиясы мен сипаты

Төменгі бор, ортаңғы юра, пермь-триас түзілімдерінен мұнай қабаттары барланған. Олардың тереңдігі 37 м-ден 526 м-ге дейін, қалыңдығы 15-30 м аралығында. Горизонттар терригенді түзілімдерден тұрады, коллекторлары кеуекті (22,9-32,7%), мұнайға қанығу коэффициенті 0,47-0,81. Мұнайдың өнімділігі 0,3-3,3 м³/тәулік, температурасы 13-27°С, тығыздығы 0,803-0,895 г/см³.

○ Құрамы

Мұнай құрамындағы күкірттің мөлшері 0,25- 0,28%, парафині 0,25-0,8%. Қабаттың суы хлоркальцийлі, тығыздығы 1,096-1,147 г/см³, минералдығы 131,2-190,6 г/л. Кен орны пайдаланылуда.